

*Ильясова Г.С. \*<sup>1</sup>, Садықов Т.С. <sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты, Астана, Қазақстан,  
E-mail: talent.kz@mail.ru*

<sup>2</sup> *т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан,  
E-mail: enu@enu.kz.*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ**

### *Аңдатпа*

Зерттеу жұмысының мақсаты – тарихи талдау негізінде Қазақстанның демографиялық дамуының қазіргі кезеңін ғылыми сипаттауға арналады. Сонымен қатар, демографиялық үрдістің басты бағыттарының біріне жататын көші-қон саясатының ерекшеліктері мен оның салдарларын бағалау. Қазақстанның демографиялық ахуалы соңғы жиырма жылда сапалы және сандық тұрғыда күрделі өзгерістерді бастан кешірді. Мемлекеттің көші-қон саясаты демографиялық дамудың бағыттарын тұрақтандыруда үлкен қызметтер атқарды.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі Қазақстанның демографиялық дамуы мен көші-қон саясатының қазіргі таңдағы ахуалын жан-жақты тарихи-демографиялық талдау болып табылады. Бұл міндетке қол жеткізу мақсатында мемлекеттік органдардың статистикалық мәліметтері мен материалдар жинақтары белсенді қолданыс тапты.

Зерттеу жұмысының өзектілігі тақырыптың қоғамның қазіргі және болашақтағы даму ағымдарын ғылыми саралауға негіз беруімен айқындалады. Бұл мәселе бүгінгі таңдағы көптеген елдердің демография саласының ғалымдарын мазалап отырған сұрақтардың біріне жатады. Әсіресе көші-қон саясатын дұрыс реттеудің мемлекеттік тетіктері белгілі нәтижелердің кепілі болатындығы сөзсіз.

Зерттеудің нәтижесі Қазақстанның демографиялық үдерісінің оң және теріс тұстарын бағалауға септігін тигізетін болады. Сондай-ақ, Қазақстанның қазіргі демографиялық ағымының қалыптасуының алғышарттары мен даму құбылысының тарихи аспектілері қарастырылған.

**Кілтсөздер:** демографиялық даму, көші-қон саясаты, қала және ауыл тұрғындары, этностар, мемлекеттік бағдарлама.

*Ильясова Г.С. \*<sup>1</sup>, Садықов Т.С. <sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Phd докторант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан  
E-mail: [talent.kz@mail.ru](mailto:talent.kz@mail.ru)*

<sup>2</sup> *д.т.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан  
E-mail: enu@enu.kz.*

## **ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА И ОСОБЕННОСТИ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: НА ОСНОВЕ ИСТОРИЧЕСКОГО АНАЛИЗА**

### *Аннотация*

Цель данной исследовательской работы – научное описание современного этапа демографического развития Казахстана на основе исторического анализа. Кроме того, оценка особенностей миграционной политики и ее последствий, относящихся к одному из главных направлений демографического процесса. Демографическая ситуация Казахстана за последние двадцать лет претерпела серьезные изменения в качественном и количественном отношении. Миграционная политика государства сыграла большую роль в стабилизации направлений демографического развития.

Одной из задач исследовательской работы является всесторонний историко-демографический анализ современного состояния демографического развития и миграционной политики Казахстана. В целях достижения этой задачи активно использовались сборники статистических данных и материалов государственных органов.

Актуальность исследовательской работы определяется тем, что тема дает основание для научной дифференциации текущих и будущих течений развития общества. Этот вопрос относится к одному из вопросов, который сегодня волнует ученых демографической отрасли многих стран. В частности, государственные механизмы правильного регулирования миграционной политики, несомненно, станут гарантом определенных результатов.

Результаты исследования будут способствовать оценке плюсов и минусов демографического процесса Казахстана. Также рассмотрены предпосылки формирования современного демографического потока Казахстана и исторические аспекты феномена развития.

**Ключевые слова:** демографическое развитие, миграционная политика, городское и сельское население, этносы, государственная программа.

*Ilyasova G.S.\*<sup>1</sup>, Sadykov T.S.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>PhD student of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan*

*E-mail: [talent.kz@mail.ru](mailto:talent.kz@mail.ru)*

*<sup>2</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan*

*E-mail: [enu@enu.kz](mailto:enu@enu.kz).*

## **DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN AND FEATURES OF MIGRATION POLICY AT THE PRESENT STAGE: BASED ON HISTORICAL ANALYSIS**

### *Abstract*

The purpose of the research work is a scientific description of the current stage of demographic development of Kazakhstan on the basis of historical analysis. In addition, to assess the features of Migration Policy and its consequences, which belong to one of the main directions of the demographic process. The demographic situation of Kazakhstan over the past two decades has experienced serious qualitative and quantitative changes. The migration policy of the state performed great functions in stabilizing the directions of demographic development.

One of the objectives of the research is a comprehensive historical and demographic analysis of the current state of the demographic development and migration policy of Kazakhstan. In order to achieve this task, collections of statistical data and materials of state bodies have been actively used.

The relevance of the research work is determined by the fact that the topic gives the basis for the scientific differentiation of current and future trends in the development of society. This issue belongs to one of the issues that worry scientists in the field of demography in many countries today. In particular, state mechanisms for proper regulation of migration policy are undoubtedly the key to certain results.

The results of the study will help to assess the positive and negative aspects of the demographic process in Kazakhstan. The prerequisites for the formation of the modern demographic flow of Kazakhstan and the historical aspects of the development phenomenon are also considered.

**Key words:** the image of a hero, military creativity, historical objectivity, writing, family, historical figure.

### **Кіріспе.**

Жаһандық дәуірде демографиялық мәселе планетаның өзекті тақырыптарының біріне айналып отыр. БҰҰ Бас хатшысының пайымдауы бойынша демографиялық өзгеріс біздің жалпы болашағымызды қалыптастыратын бес мега ағымдардың қатарына жатады. Әлемнің әрбір бөліктерінде демографиялық даму үрдісі түрлі формаларда өрбиде. Бірқатар елдерде тұрғындардың саны қатты артуда, екінші елдерде тұрғындардың кәрілік шамасы өсіп азаюды бастан кешіруде, үшінші елдерде көші-қон үдерістері ұлғайып урбанизацияның қарама-қайшылығы туындап отыр.

Жоғарыда аталған мәселелердің ішінде әлемнің тұрғындарының қартаюу үрдісі тарихта бұрын болмаған сипатқа ие болып, ұзақ үрдіске созылатындығын көрсетіп отыр. Тұрғындардың басым бөлігі кәрілік жасында және оған үлкен жастағы адамдар жақындап келеді. Тұрғындардың қартаюу үдерісінің себептерінің бірі туудың азаюы және үлкен жастағы адамдардың өмір сүру көрсеткішінің артуы болып табылады. Медицина мен технологияның даму жетістіктері адамдардың өмір сүру жағдайларын барынша қолайландырып өмір сүрудің ұзақтығына тікелей әсер етті. Бірқатар ғалымдар өмір сүру ұзақтығының артуын адамзат тарихындағы үлкен жетістіктердің бірі ретінде бағалайды. Жорамалдарға қарағанда 2045-2050 жылдары туылғандар дамыған аймақтарда негізінен 83 жасқа дейін өмір сүреді, дамушы аймақтарда 74 жасқа дейін жеуі мүмкін. Қазіргі уақытта 33 елде туылу кезіндегі алдағы өмір сүру ұзақтығы 80 жастан асады. Продолжительность предстоящей

жизни при рождении в настоящее время превышает 80 лет в 33 странах; пять лет назад такие показатели были лишь в 19 странах. Бес жыл бұрын жоғырада аталғандай көрсеткіштер тек 19 елде болатын. Дамыған елдердің басында тұрған Жапонияда егде жастағы адамдар ел тұрғындарының 30% құрайды. Ал, 2050 жылға қарай әлемде егде жастағы тұрғындарының көлемі 30% асатын елдердің қатары 64 жетуі мүмкін.

Жер көлемі ауқымды және халықаралық көлік транзиттерінің торабында орналасқан Қазақстан үшін демографиялық ахуалдың тұрақтылығы мен көші-қон мәселесін реттеу стратегиялық маңызды вектор болып табылады. Аталған мәселенің оң шешімін табуы еліміздің ішкі дамуы, аймақтық және халықаралық әріптестіктегі саясатының нығаюы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жолға қоятындығы сөзсіз.

Қазіргі Қазақстан көші-қон үдерістерінің белсенді қатысушыларының біріне жатады. Оның демографиялық даму көрсеткіші соңғы жылдары үлкен өзгерістерді бастан кешіруде. Демографиялық өсімнің ішкі ресурстар мен сыртқы ықпалдардың әсерінен ұлғаюының тепе-теңдігі бұзылды деуге негіз бар. Мысалы, 1990 және 2000 жылдардың басында Қазақстанның демографиялық өсімі мемлекеттің сыртқы көші-қон бағдарламасы аясында жүзеге асқандығы белгілі. Ал, қазіргі таңда демографиялық өсімді ішкі қоғамдық дүмпулер тузууда. Бұған, мемлекеттің әлеуметтік жәрдемдері мен қоғамның тұрақталуы себеп болуда. Бірақ, демографиялық күрт жарылыстың әртүрлі факторларды ортаға шығаратындығын демограф ғалымдар жақсы ұғынады.

2002-2004 жылдары тұрғындардың табиғи өсімі сыртқы көші-қонның сальдосынан артық түсті. Бұл демографиялық ағым кейінгі жылдары тұрақты қалыпты көрсетті. Демографиялық өсімнің жыл сайын артуы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатына бірқатар өзгерістерді енгізуді қажет ететіндігі түсінікті. Ауылдар мен қалаларда жаңа мектептер мен ауруханаларды, балабақшаларды, жолдарды салудың қажеттілігі ұлғайды. Ішкі нарықта жұмыссыздық пен бәсекелестіктің дәрежесі қарқын алды. Сонымен қатар, қалалар мен ауылдар арасындағы көші-қонның легі үздіксіз дамуға ие болды. Жоғарыда айтылған мәселелердің барлығы мемлекеттің демографиялық саланы реттеу мен қадағалаудың жаңа тетіктерін ойластыруға шақыратындығы айқын.

#### **Материалдар.**

Мақалада Қазақстанның демографиялық институттарының зерттеу жинақтары мен статистикалық мәліметтері көрініс тапқан. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың электронды сайттарындағы деректер тобы материалдар базасының көлемін ұлғайтты.

#### **Әдіснама.**

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымы мен әлеуметтік ғылымдардың классикалық ғылыми әдістері мен тәсілдері кеңінен қолданылды. Салыстырмалы-талдау әдісінің көмегімен Қазақстанның саяси-қоғамдық даму кезеңдеріндегі демографиялық дамудың қозғалыстарының ерекшеліктеріне баға бере аламыз. Мысалы, 1990 жылдар мен 2000 жылдардың жүзіндегі демографиялық және көші-қон ахуалдарының түрлі сипатқа ие болғандығы түсінікті. Сонымен қатар, демографиялық күйдің дамуының арту және кему көрсеткіштерінің қоғамның ішкі құрылымдарына ықпалын айқындауда құрылымдық әдіс жәрдемдесті. Көші-қон ағымдарының ауылды және қалалы елдімекендердің дамуына теріс және оң әсерлерін бағамдауда типологиялық әдіске сүйендік. Аталған әдіс көші-қон ахуалының мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық секторларына жеке ықпалдарын анықтауға септігін тигізді. Статистикалық әдіс демография мен көші-қон салаларына қатысты ресми және ресми емес ақпараттарды топтауға сүйемел жасады. Дедукция және индукция әдістері демографиялық ахуалдың күрт өзгеру шамаларын айқындайтын мәліметтердің топтарын жеке және жалпы талдауға мүмкіндіктер ашты.

**Нәтижелер.** КСРО мемлекетінің тарқауы посткеңестік елдерде демографиялық және көші-қон үрдістерінің күрделенуін туғызды. Кеңестік демографиялық саясаттың құрбанына айналған неміс, поляк, армян, грек этностары өздерінің тарихи отандарына оралуға ынта танытты. Бұл бағытта тәуелсіз Қазақстан Республикасы оң шешімдер қабылдады және тарихи отандарына оралғысы келетін ұлттарға заңдық тұрғыда қарсылық танытпады. Статистикалық мәліметтерге қарағанда 1990-1999 жылдардың аралығында Қазақстаннан 2 млн. 873 мың өзге ұлт өкілдері көшіп кеткен [1, 18-б]. Олардың жаппай көшу үдерісі Қазақстанның демографиялық ахуалының нашарлап кетуіне алып келді. Демографиялық табиғи өсім құлдырап кетті. Табиғи өсімнің көрсеткіштері көші-қон үрдісінің салдарынан 3 есеге жуық азайды. Оған қоса әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауы бала туу санының азаюына себеп болды. Ал 1990-1999 жылдары елімізге 939 мың адам көшіп келген. Яғни, көші-қон саласындағы теріс сальдо 1 млн. 934 мың адамды құраған [2, 48-б].

XXI ғасырдың басында Қазақстанның халық саны ұлғая бастады. Оған сыртқы көші-қон мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсару факторлары әсер етті. 2002-2004 жылдары халықтың табиғи өсімі сыртқы көші-қонның теріс сальдосын жапты. Ал, 2004 жылдан бастап Қазақстанға көшіп келушілердің саны мен табиғи өсімнің арасалмағы тең түсті. Осылайша демографиялық өсім сыртқы көші-қонның теріс сальдосынан біртіндеп арта бастады. 2005-2010 жылдардағы халықтың өсімі 1995-1999 жылдарға қарағанда 10 есе артты. 2008-2009 жылдары халықтың өсімінің 98% табиғи өсім есебінен болды[3]. Осы кезеңдері Қазақстанның тұрғындарының өсу динамикасы нақты қалыптасты деуге болады. Бұл даму үрдісі бүгінгі таңға дейін жалғасын табууда.

2000 жылдардың басындағы Қазақстанның тұрғындарының демографиялық арту құбылысында сыртқы көші-қонның әсіре үлкен болды. Бұл ретте мемлекеттің сыртқы елдердегі қандастарымызды елге оралту мемлекеттік бағдарламасы айтарлықтай маңызға ие болды. Бұл бағдарламаны мемлекеттік стратегиялық саясат деп те бағалауға болады. Қазақстанға сыртқы елдердегі тегі қазақ қандастарды көшіріп алып келудің мемлекеттік бағдарламасы «Оралман» деген атауға ие болды. Бұл бағдарламаға сәйкес, 1991-2010 жылдары елімізге 192 мың отбасы немесе 750 мың оралмандар қоныс аударды. Оларға берілетін квота жыл сайын артып отырды. 2005-2009 жылдары оралмандарға берілетін квота 15 мың отбасыны құрады[2].

Оралмандардың елге көшіп келуі аймақтардағы ауыл және қала тұрғындарының демографиялық құрылымына өзгерістер енгізді. Оралмандар мемлекеттік жоспар аясында тиісті елді мекендерге қоныстандырылды. Оларды әлеуметтік жабықтармен қамтамасыз етілу шаралары жүзеге асты. 2006-2009 жылдары табиғи өсімнің дамуы көші-қоннан жоғары дәрежеге жетті. Оны біз статистикалық мәліметтерден көре аламыз (Кесте 1).

**Кесте 1. 2006-2009 жылдардағы Қазақстан тұрғындарының санының өзгеру компоненттері**

| Жыл  | Жалпы өсім | Табиғи өсім | Көші-қон өсімі |
|------|------------|-------------|----------------|
| 2006 | 177,6      | 144,7       | 33,0           |
| 2007 | 174,6      | 163,6       | 11,0           |
| 2008 | 205,0      | 203,9       | 1,1            |
| 2009 | 223,0      | 215,5       | 7,5            |

Кестедегі мәліметтерге қарай отырып оның 2006 жылы көші-қон мен табиғи өсімнің арасының 5 есеге жуық болғандығына көз жеткіземіз. Ал, 2009 жылы табиғи өсім көші-қоннан болатын өсімнен 30 есеге жуық артқан [2, -б].

Жалпы қарағанда Қазақстанның демографиялық үрдісі тәуелсіздік алған жылдардан бастап бірқатар өзгерістерге ұшырады. 1990 жылдары Қазақстанның тұрғындарының жаппай сыртқа көшуі орын алды. Осының есебінен халық санының күрт төмендеп кеткендігін жоғарыда айқындадық. Ал, 2000 жылдардың ортасынан бастап мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік жақсарулардың нәтижесінде Қазақстанға қоныс аударушылардың саны артты және халықтың табиғи өсім қуаты үлкен көрсеткіштерді тіркеді. 2010 жылдары мемлекет сыртқы көші-қонды реттейтін мемлекеттік заңнамаларды бекітті. Біріншіден «Оралман» бағдарламасының атауы «Нұрлы көш» бағдарламасына өзгерді. Бағдарлама аясында оралмандарға бөлінетін квотаның саны азайды. Себебі, ішкі табиғи өсімнің қарқыны мемлекетті сыртқы көші-қонды реттеуге мәжбүрледі. Мемлекет ендігі кезекте санға емес сапаға жұмыс жасайтындығын аңғартты[4].

Сондай-ақ, мемлекет сыртқа қарай бағытталған көші-қон үрдісі кезінде зардап шеккен аймақтардың тұрғындарының орнын толтыру жұмыстары бойынша үнемі мониторинг жүргізіп келді. 1990 жылдары шет мемлекеттерге қоныс аударушылардың басым көпшілігі еліміздің солтүстік өңірлеріне келіп тіркелді. Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары басқа этнос өкілдерінің тарихи отандарына көшуі салдарларынан тұрғындарының табиғи өсімі кері кетті. Оны табиғи өсім жолымен толтыру ұзақ жылдарды талап ететіндігі сөзсіз еді. Осыған байланысты мемлекеттік көші-қон стратегиясы қабылданған болатын. Ол бойынша «Оралман» бағдарламасының аясында көшіп келушілерді солтүстік өңірлерге қоныстандыру көзделінді. 1991-2000 жылдары оралмандардың басым бөлігі солтүстік аймақтардың ауылды елді мекендері мен шағын қалаларына орналастырылды. Оралмандарға бөлінетін квота солтүстік өңірлерге тиісті болды.

2000 жылдардың ортасында оралмандарды оңтүстік және батыс аймақтардың ауылдарына қоныстандыру үрдісі кең етек алды. Оралмандардың жаңа ортаға бейімделу және кәсіппен

шұғылдану мәселесі үкіметтік органдардың қадағалауында болды. Мемлекеттің бастамасымен оралмандарды уақытша орналастыру қызметін атқаратын 14 орталық жұмыс атқарды және олар бүгінгі таңға дейін жұмыстарын жалғастыру үстінде. 2008 жылдан бастап оралмандарды бейімдеу және қоғамға ықпалдастыру бойынша еліміздің 3 қаласында орталықтар ашылды[5]. Аталған орталықтар Қарағанды, Шымкент және Түркістан облысының Ақсукуент шағын қаласында 2008 жылдан бастап қызмет атқаруда. Орталықта қандастарымызды жаңа ортаға бейімдеу және үйренуге баулуға жәрдемдесетін білікті мамандар жұмыс атқаруда.

Қандастарды жаңа ортаға бейімдеу және кәсіпкерлікпен айналысуларына жағдай жасау үкіметтік органдардың басты жауапты қызметтерінің қатарына жатады. Бұл мақсатта үкіметтік ұйымдар тиісті жұмыстарды атқарып, айтарлықтай нәтижелерді көрсетті.

Сонымен қатар, Ақтау қаласында 2016 жылы жаңа бейімдеу орталығының құрылысы басталып ол сәтті аяқталды. Бұл бейімдеу орталықтарында мемлекеттік тілде сөйлеуге және жазуға үйрету курстары ашылған. Сондай-ақ, мүмкіндігінше орыс тілінде түсінуге және сөйлеуге үйрететін курстар қарастырылған. Оралмандардың түрлі қалаларда шоғырланып өмір сүруін қарастыру да мемлекеттік ұйымдарда ойластырылған. Мысалы, оралмандардың өздерін тарту арқылы Астана, Алматы, Шымкент қалаларында арнайы шағын аудандар құрылысы іске қосылды. Мысалы, Астана қаласының Сарыарқа ауданында «Нұрбесік» шағынауданы салынды.

Ал, 2010 жылдан бастап әр облыстың әкімшіліктерінің жанынан оралмандар кеңесі құрылды және мемлекеттік органдармен тығыз әріптестіктер орнатты. Оралмандар кеңесі көшіп келген этникалық қазақтардың жергілікті қоғаммен арадағы байланыстарын реттеуге бағытталған. Кеңес айына бір рет ұйымдастырылып тұрады және ортадағы түйткілді мәселелерді талқылайды. 2021 жылы «оралман» терминіне заң жүзінде өзгерістер енгізіліп ол «қандастар» деген атауға ауыстырылды. Жалпы алғанда 1991-2022 жылдар аралығында елімізге 1 089 700 қазақ шет мемлекеттерден көшіп келді. Олардың көшіп келуі демографиялық өсімнің тұрақталуы мен дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сонымен қатар, сыртқы көші-қоннан күрделі ахуалға тап болған солтүстіктің өңірдің қалалары мена ауылдарының демографиялық жағдайының тұрақталуына әсер етті. Бүгінгі таңда Қостанай облысының Жітіқара, Рудный қалаларында қандастардың үлкен бөлігі қоныстанған[2].

Қазақстанның демографиялық ахуалының динамикасын тәуелсіздік тарихында 3 рет өткізілген ұлттық халық санағы айқындайды. Ең бірінші ұлттық халық санағы 1999 жылы өткізілді. Келесі халық санағы 2009 жылы өткізілді және оң өсім көрсеткіштерін тіркеді. 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылғы халық санағы тұрғындардың 1 028 316 артқандығын айқындады. Яғни, 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылы халықтың саны 6,9% өскен. Соңғы Ұлттық халық санағы 2021 жылы өткізілді. 2021 жылғы халық санағы 19 169 550 адамды тіркеді және 1999 жылғы халық санынан 3 миллионға жуық өскендігін негіздеді[6].

Демографиялық құрылымдағы басты критерилердің бірі ол халықтың жас мөлшерінің шамасы екендігі белгілі. 2015 жылға дейін Қазақстандағы халықтың құрамының басты бөлігін егде жастағы адамдар құрады. 2009 жылы Қазақстанның тұрғындары демографиялық кәрілік шегінен өтті. Яғни, 2009 жылғы статистикалық деректер көрсеткендей тұрғындардың 7,1% 65 жастан асқан адамдар құраған[12]. 2011 жылы бұл көрсеткіш 6,6% шаманы тіркеді. БҰҰ-ның демографиялық кәрілік шкаласына сәйкес Қазақстан 2011 жылы демографиялық кәрілік аймағына енген болатын[7, б. 39].

Жоғарыда аталған ахуал тек 2015 жылы түзеле бастады. 2015 жылғы деректердің негізінде тұрғындардың жасару көрсеткішінің ұлғайғандығына көз жеткіземіз. Бұған бірінші кезекте табиғи өсімнің күрт өсуі етті. Демографиялық құрамның келесі компоненттерінің бірі ол қала және ауыл тұрғындарының аралсалмағы болып табылатындығы сөзсіз. 2009 жылғы халық санағына сүйенер болсақ, қала тұрғындары 9% басым болған. Оның көрсеткіштері келесі жылдары тек ұлғаю құбылысына ие болды. 2022 жылғы деректерге қарағанда қала тұрғындарының саны 1,81% өссе. Ауыл тұрғындары 0,6% өскен. Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстандағы ауыл тұрғындарының үлесі 38,2%, қала тұрғындары 61,8 құрайды[12]. Жоғарыда көрсетілген деректер Қазақстанның қала тұрғындарының ақырын және тұрақты өсіп келе жатқандығын айқындайды. Бұл өсу құбылысы жалпы тарихымызда 1970 жылдан бастау алған болатын. 1959 жылы қала тұрғындарының үлесі 44,5% болса, 1970 жылы 50,9% құрап бірінші рет ауыл тұрғындарының үлесінен ұлғайған болатын. 1979 жылы қала тұрғындары 54,3% жетіп кейінгі жылдары ақырын өсу ағымына ие болды[3].

Болжамдарға қарағанда Қазақстанның тұрғындарының қалаларға көшу қарқыны алдағы жылдары арта бермек. Қазірдің өзінде елімізде 3 ірі мегаполистің болуы қалалардың тұрғындарының арта беретіндігін нақтылап отыр. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша қалалардың тұрғындарының санының арту үдерісі біркелкі болмайтындығына жетелейді. Себебі, Астана,

Алматы және Шымкент қалаларының тұрғындарының санының жылдан-жылға өсу көрсеткіші артқанымен, орта және шағын қалалардың тұрғындарының көлемі баяу өсу үстінде екендігін байқауға болады. Тіпті, бірқатар қалалардың тұрғындарының саны 1990 жылдардағы жаппай сыртқы көші-қонның әсерінен әлі өзінің қалпына келе алмай отыр[8].

Мысалы, Арқалық, Кентау қалаларының тұрғындарының саны күрт кеміп кетті немесе бұрынғы қалпын орнына толтыру үстінде екендігін көреміз. Павлодар, Семей, Қостанай қалаларының тұрғындарының саны да 1990 жылдармен салыстырғанда айтарлықтай артпағандығын аңғарамыз. Мысалы, Павлодар қаласының тұрғындарының саны 1999 жылы 300 503 адам болса, 2021 жылы 334 225 адамды тіркеді. Яғни, жиырма жылдан астам уақытта 30 мыңнан астам тұрғынға саны артқан. Ал, қазіргі мегаполистердің біріне жататын Шымкент қаласының тұрғын саны 1999 жылы 435 300 болса, 2021 жылы 1 047 167 адамды тіркеді [12]. Ал, 2023 жылы Шымкенттің тұрғындарының саны 1 191 877 адамға жеткен [9]. Яғни, аталған қала тұрғындарының саны жиырма жылда 3 есеге жуық артқан. Жоғарыда аталған статистикалық мәліметтерді талдай отырып, Қазақстандағы қалалардың тұрғындарының жалпы санының өсу көрсеткіштері әртүрлі формаға ие екендігін анықтайды.

Жалпы 30 жылдан астам уақыт өткен тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық ахуалға баға бере отырып, Қазақстанның тұрғындарының санының өсу құбылысын бағамдай келе тұрғындардың 5 миллионға артқандығына көз жеткіземіз. Бұл біздің демографиялық саладағы басты жетістіктеріміздің бірі екендігі сөзсіз. Соңғы жылдардағы табиғи өсім 1,3% құрағандығын көреміз. 2020-2022 жылдардағы туу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 22,8 нәрестені тіркеп, әр жас отбасыда орташа 3 баладан бар екендігі белгілі болды [10]. Үкіметтің әлеуметтік жәрдемдері жас отбасыларды бала әкелуге деген тәуекелдерін азайтты. Бұған қалалардағы пәтер мәселесінің шешім табуы да әсер етуде. Соңғы жылдары мемлекеттік түрлі бағдарламалардың аясында отбасыларға аз пайызбен пәтерлерді жалға беру немесе сату көрсеткіштерінің ұлғайғандығы анық.

Демографиялық ахуалдың реттелуі мен қоғамға ықпалы мемлекеттің ішкі экономикалық-әлеуметтік күйіне қатты тәуелді екендігін мойындаймыз. Сонымен қатар, экономиканық-әлеуметтік ахуалдың белгілі бір шамаларда демографиялық үрдістің даму бағыттарына тікелей байланысты екендігін жоққа шығармаймыз. Екі үрдіс те бір-бірінен ажырағысыз қоғамдық үрдістер болып табылады. Демографиялық ахуалдың бақылаудан шығуы және тұрақтылықтан айырылуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына нұқсан келтіретін факторлардың қатарына жатады [11].

Соңғы кездері Қазақстандағы туу көрсеткішінің артуы және оған жасалатын мемлекеттік қамқордың өсуі демографиялық дамуды бақылайтын қосымша тетіктерді жасауды қажет ететіндігін ортаға шығарып отыр. Себебі, 2000 жылдардың басында біздің демографиялық саясат санға жұмыс жасады және оны өз деңгейінде орындады деуге толықтай негіз табылады. Ал, ендігі кезекте сапаға жұмыс жасаудың уақыты да таяп қалғандығын бірқатар демограф ғалымдар пайымдауда [12].

Біздің пайымдауымыз бойынша демографиялық өсімнің арту шарттары мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік қуатына сәйкесінше түзіліп отыруы тиіс. Бұл демографиялық жарылыстың теріс салдарларын тартпауға жетелейтін факторлардың біріне жатады. Әлемдік демографиялық тәжірибелер көрсеткендей, демографиялық өсімнің шамадан тыс көрсеткіштері мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік ресурстарына кері әсерлерін тигізген. Оның мысалдарына оңтүстік шығыс Азия мен Африка елдері жатады. Әлемдік тарихи-демографиялық тәсілдер мен жолдарды ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық және саяси-ұлттық мүдделерді тең ұстайтын демографиялық даму ахуалын қалыптастыру, кез-келген мемлекеттің берік болашағының кепілі екендігі сөзсіз.

#### **Талқылау.**

Қазақстанда демографиялық ахуалды талдау бойынша тарихнама қалыптасу үстінде. Әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық дамудың үрдістерін зерттеу бойынша тарихнама 2010 жылдардан бастап жаңа деңгейге көтерілді. Бұл тұрғыда Астана қаласындағы Мемлекет тарихын зерттеу институтының ғалымдары үлкен үлес қосты. Ал, Қазақстанның патшалық Ресей мен Кеңестер Одағы дәуірлеріндегі демографиялық дамуын ғылыми айқындайтын тарихнама М.Х. Асылбеков, М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажуманов, А.М. Жаркенова, М. Татимов, А. Құдайбергенова, В.В. Козина еңбектері арқылы жан-жақты көрініс тапқан. Аталған ғалымдар Қазақстанның патшалық Ресей дәуіріндегі демографиялық құрылымының ерекшеліктері мен қоғамдық өзгерістерге тигізген аспектілерін жан-жақты айшықтауға мән берген.

Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның демографиялық ахуалының тарихи-саяси және әлеуметтік-ұлттық аспектілерін ғылыми зерттеу тәуелсіздік жылдары жаңа деңгейге көтерілді. Тарихшы

ғалымдар кеңестік саясаттың ұлттық демографиялық сипатқа жасаған теріс ықпалдарын жаңа ғылыми ұстанымдар мен архив деректері негізінде қарастыруға назар аударды. Осы бағытта тың материалдар мен құжаттар айналымға енді. Кеңестік Қазақстанның демографиясының қалыптасу және даму бағыттарын сипаттайтын ғылыми еңбектер жарыққа шықты. Бұл тұрғыда М.Х. Асылбеков, А.Құдайбергенова есімдерін айрықша атаған жөн.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық күйі мен ерекшеліктерін зерттеу кеңестік буын зерттеушілерімен жалғасын тапқанымен, жаңа ізденушілер пайда болды. Олар жекелеген аймақтардың демографиялық даму заңдылықтары мен мәселелерін айқындауға ден қойды. Р.Б. Абсаттаров, Д.Д. Ешпанова, Л. Деловаровасынды зерттеушілердің жарияланымдарында 1990-2000 жылдардағы Қазақстанның демографиялық ахуалы мен мемлекеттік тәжірбиесі туралы жіті талдаулар жасалынған[12].

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы демографиялық ахуал кері көрсеткіштерге ие болды. Бұл құбылыс негізінен сыртқы көші-қон мен табиғи өсімнің кемуімен түсіндіріледі. Кеңестік жылдары Қазақстанға күштеп немесе мемлекеттік саяси-шаруашылық себептермен қоныстандырылған басқа этностар тарихи отандарына оралуға мүмкіндік алды. Осының әсерінен демографиялық өсім күрт төмендеді. 1990 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс халықтың отбасылық құндылықтары мен санасына қатты әсерін тигізді.

1990 жылдары тұрғындардың туу көрсеткіштері төмендеді және табиғи өсімнің теріс сальдосына ықпал етті. Жоғырада айтылған мәселелерді зерттеу және ғылыми айналымға енгізу жұмыстары әлі күнге дейін далғасын табуда. Солтүстік өңірлердегі демографиялық баланстың бұзылуы және оны ретке келтіру мәселелері соңғы уақыттардағы тарихи-әлеуметтік ғылымдардың нысанына айналып отыр. С.И. Ковальская, К.Г. Аканов Қазақстанның астанасының Ақмолаға ауысуындағы демографиялық және көші-қон аспектілеріне жүйелі талдау жасаған. Ғалымдар Ақмолаға Елордасының ауысу қадамын ұлттық демографиялық ахуалды реттейтін құрал ретінде бағалап, оның тұрғындарының өсу динамикасына көңіл аударған.

#### **Қорытынды.**

Қазақстанның демографиялық дамуы мен көші-қон ерекшеліктері мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму бағыттарын айқындайтын мәселелердің қатарына жатады. Қазақстан Республикасы демографиялық ахуалды реттеу бойынша бірқатар тарихи тәжірбиелерді бастан өткізді және оның оң нәтижелерін бүгінгі таңда сезінуде. Қазіргі таңда еліміздің табиғи өсу өсу қуаты қалпына келіп, сыртқы және ішкі көші-қон ағымдары тұрақталған күйге жетті. Демографиялық жарылыс пен жаһандық жаңғырулардың белгілерінің біріне жататын қала тұрғындарының ұлғаюы Қазақстанда да жүріп жатыр. Қала мен ауыл арасындағы көші-қон үрдісін реттеу және тұрақтандыру бүгінгі мемлекеттік демографиялық саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан посткеңестік елдердің арасында сыртқы көші-қонның теріс зардаптарын тартқан елдердің біріне жатады. Бірақ, оның салдарларын мақалада сипатталғандай мемлекеттің реттеуші тетіктері жолға қойған болатын. Қазақстанның демографиялық саладағы тәсілдеріне әлемнің басқа елдерінің де зор қызығушылықпен қарағандығын білеміз.

Мақалада қозғалған статистикалық мәліметтер мен өзіндік пайымдар Қазақстанның демографиялық ахуалының тарихи кезеңдері мен алдағы күтілетін болжамдарын талқылауға септігін тигізді. Тақырыптың зерттеулік құндылығы әрі қарай көлемді ғылыми жұмыстармен жалғасын тауып, соңғы демографиялық ахуалдың өзгеру шамаларын анықтауға бағытталатын болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Деловарова Л.Ф. Демографическое развитие казахстана и основные направления миграционной политики на современном этапе. Народо население. № 1. 75-82 бб.

2. Население Республики Казахстан. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 1: Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. 242 с. [22-26 сс.]

3. Миграция на пост советском пространстве: тенденции, последствия и перспективы. Аналитический доклад по итогам международного научно-практического семинара. М.: МГУ, 2011, декабрь 2-3. Режим доступа: <http://moscow.iom.int> (18.11.2022)

4. Государственный статистический комитет Казахстана. Режим доступа: <http://www.stat.kz>. (04.02.2023)



5. Андреев А.А. Иммиграция русского языка в современный Казахстан (XX — нач. XXI века). Режим доступа: <http://kz.ethnology.ru/win/rus—now.html>. (15.11.2022)
6. А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакирова. Население Казахстана в 50-80-е годы XX века: Демографический взрыв и особенности этносоциальных эволюций. Вестник НГУ. Серия: история, филология. 2017. Том 16, № 8. [127-142 б.]
7. Национальный состав, веро исповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 г. в Республике Казахстан: Стат. сб. Под ред. А. А. Смаилова. Астана: Агентство РК по статистике, 2010. 378 с. [38-45 бб.]
8. Демографический ежегодник Казахстана. Алматы: Госкомстат РК, 1996. 250 с. [15, 23 б]
9. Курганская В.Д. Казахская модель межэтнической интеграции. Алматы, 2008. [14 б]
10. Малинин Г.В. Теория и практика меэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане: учеб. пособ. для вузов. Алматы: Дайк-Прес, 2010. [8, 9б.]
11. Ешпанова Д.Д. Особенности современной миграционной политики Казахстана. Экономика, статистика и информатика. № 4, 2009. [105, 106 бб.]
12. Альшанская Анна. Демографическое развитие Казахстана: анализ основных трендов. Режим доступа: <https://strategy2050.kz/ru/news/demograficheskoe-razvitie-kazahstana-analiz-osnovnykh-trendov/> (21.11.2022)

#### References

1. Delovarova L.F. Demograficheskoe razvitie kazahstana i osnovnye napravleniya migracionnoj politiki na sovremennom etape [Demographic development of Kazakhstan and the main directions of migration policy at the present stage]. *Narodonaselenie*. № 1. 75-82 bb.
2. Naselenie Respubliki Kazahstan. Itogi Nacional'noj perepisi naseleniya Respubliki Kazahstan 2009 goda [Population of the Republic of Kazakhstan. Results of the National Population Census of the Republic of Kazakhstan in 2009]. Tom 1: Statisticheskij sbornik. Pod red. Smailova A.A. Astana, 2011. 242 s. [22-26 ss.]
3. Migraciyaniy apostovskom prostranstve: tendencii, posledstviya i perspektivy [Migration in the post-Soviet space: trends, consequences and prospects]. *Analiticheskij doklad po itogam mezhdunarodnogo nauchno-prakticheskogo seminara*. M.: MGU, 2011, dekabr' 2-3. Rezhim dostupa: <http://moscow.iom.int> (18.11.2022)
4. Gosudarstvennyj statisticheskij komitet Kazahstana [State Statistical Committee of Kazakhstan]. Rezhim dostupa: <http://www.stat.kz>. (04.02.2023)
5. Andreev A.A. Immigraciya russkogoyazyka v sovremennyj Kazahstan (XX — nach. XXI veka) [Immigration of the Russian language to modern Kazakhstan (XX — beginning XXI century)]. Rezhim dostupa: <http://kz.ethnology.ru/win/rus—now.html>. (15.11.2022)
6. A.N. Alekseenko, Zh.S. Aubakirova. Naselenie Kazahstana v 50-80-e gody XX veka: Demograficheskij vzryv i osobennosti etnosocial'nykh evolyucij [The population of Kazakhstan in the 50-80s of the XX century: Demographic explosion and features of ethnosocial evolutions]. *Vestnik NGU. Seriya: istoriya, filologiya*. 2017. Tom 16, № 8. [127-142 b.]
7. Nacional'nyj sostav, veroisповедание i vladeniyeazykami v Respublike Kazahstan [National composition, religion and language proficiency in the Republic of Kazakhstan]. *Itogi nacional'noj perepisi naseleniya 2009 g. v Respublike Kazahstan: Stat. sb. Pod red. A. A. Smailova*. Astana: Agentstvo RK postatistike, 2010. 378 s. [38-45 bb.]
8. Demograficheskiy ezhegodnik Kazahstana [Demographic Yearbook of Kazakhstan]. — Алматы: Goskomstat RK, 1996. 250 s. [15, 23 b]
9. Kurganskaya V.D. Kazahstanskaya model' mezhetnicheskoy integracii [Kazakhstan model of interethnic integration]. — Алматы, 2008. [14 b]
10. Malinin G.V. Teoriya i praktikameeetnieskogo i mezhkul'turnogovzajmodejstviya v sovremennom Kazahstane [Theory and practice of interethnic and intercultural interaction in modern Kazakhstan]: *ucheb. posob. dlyavuzov*. — Алматы: Dajk-Pris, 2010. [8, 9b.]
11. Eshpanova D.D. Osobennosti sovremennoj migracionnoj politiki Kazahstana [Features of modern migration policy of Kazakhstan]. *Ekonomika, statistika i informatika*. № 4, 2009. [105, 106 bb.]
12. Al'shanskaya Anna. Demograficheskoe razvitie Kazahstana: analiz osnovnykh trendov [Demographic development of Kazakhstan: analysis of the main trends]. Rezhim dostupa: <https://strategy2050.kz/ru/news/demograficheskoe-razvitie-kazahstana-analiz-osnovnykh-trendov/> (21.11.2022)